

Газет 2018 жылдың 4 мамырынан шыға бастады

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесі атынан Компанияның жақын арадағы жоспарлары туралы айтып өткім келеді.

Өздеріңізге белгілі болғандай, тамыздың 13-і күні «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларды қайта сатып алу туралы ұсынысын жариялады. Бұл ұсыныс акция ұстаушыларына Компанияның

капиталынан тиімді нарықтық жағдайларында шығуға мүмкіндік береді. Қайта сатып алу бағдарламасына қатысу ерікті болып табылады. Алайда, біз өз тарапымыздан ұсыныстың әрекеті (бағдарлама мерзімі – 2018 жылдың 16 қарашасына дейін) аяқталғаннан кейін болуы ықтимал тәуекелдер туралы ескертуге міндеттіміз. Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу жөнінде толық ақпаратты «Мұнайлы мекен» газетінің бет-



терінен, call-орталықтан, өңірлерде орналасқан трансфер-агент кеңселерінен, брокерлерден, сондай-ақ тікелей Компанияның өзінен білуге болады.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ компаниялар тобында оңтайландыру бағдарламсы шеңберінде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ны

қайта құру бойынша жоспарлар да қаралып жатыр. Нақты шешім әлі қабылданған жоқ, дегенмен барлық өзгерістер туралы дер кезінде хабарлайтын боламыз. Бұл өзгерістер «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ еншілес кәсіпорындарының операциялық қызметіне әсер етпейтінін де атап өтеміз.

Құрметті әріптестер, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы қалыптасу жылдары ішінде үлкен жолды өткерді. Бүгінде ҚМГ еліміздің барлық ірі мұнай-газ жобаларының опера-

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

торы және серіктесі болып табылады. Бірінші кезекте «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы бұл жетістіктердің барлығына мұнайшылардың еңбегі арқылы жетті. Компанияның түрлі салаларында 90 мыңға жуық адам еңбек етеді. Әрқайсыңыз – өз ісіңіздің кәсіби маманысыз. Сіздер Компанияның дамуына, жалпы Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына өз үлестеріңізді қосып отырсыздар.

Бүгінде Компанияның алдында маңызды, ауқымды және күрделі мақсат-міндеттер тұр. Осы міндеттерді орындау үшін біз бірлесіп еңбек етейік. Қашанда осы ынтымақ-бірлігімізден ажырамайық. «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының бірігу процесі бізге одан әрі дамып, тұрақты әрі жоғары тиімді компания болуға көмектесетініне сенімдімін.

Сіздердің әрқайсыңызға адал еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін, жанұяларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін.

Дәурен ҚАРАБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы.

АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясымен интеграция процесінен өтіп жатқанын бәріңіз жақсы білесіздер. Бұл «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» компаниясы активтері национализацияланатынын білдіреді.

Мұндай шешім «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы өндіру және мұнай сервистік активтерді басқарудың екі деңгейлі жүйесіне көшуімен байланысты болып отыр.

Қазіргі кезде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясы Лондон және Қазақстан қор биржаларынан жаһандық депозитарлық қолхаттары мен қарапайым акцияларын сатып алды. Енді «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» компаниясының өндірістік активтерін тікелей өзі басқарады. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясы жеке акцио-



нерлік қоғам ретінде өзінің жұмысын тоқтататын болғандықтан, артықшылықты акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдады. Өткен жылы дәл осындай процесстен «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және маркетинг» компаниясы өтті. Алдағы уақытта «ҚазТрансГаз» компаниясы қосылуы жоспарланып отыр. Осылай жалғаса береді.

Осыған орай «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» компаниясы еркін айналымдағы артықшылықты акцияларын қайта сатып алу бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Артықшылықты акциялар ұстаушыларында өз акцияларын сату мүмкіндігі пайда болды. Компанияның ойынша, бұл бағдарлама барлық артықшылықты акцияларды ұстаушыларының мүддесін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаға қатысу үшін Сізге өз брокеріңізге жүгіну керек. Егер Сіздің брокеріңіз болмаса, онда «Қазпошта»

бөлімшесі арқылы акция сатуға өтініш бергеніңіз жөн. Барлық қажетті ақпарат компаниялардың сайттарында, вахталық поселкелер асханалары мен жатақханаларындағы экрандарда көрсетіліп жатыр.

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,
«Embi Munaigas» АҚ Басқарма төрағасы.

БАСТЫ НАЗАРДА...

ЖҰМЫСШЫЛАР ҚАУІП-СІЗДІГІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ!

Соңғы 2 жылда «Embi Munaigas» АҚ-да қауіпсіздік техникасы жөніндегі мамандар саны 50 пайыздан асты. ҚТ жөніндегі инженер маманның саны да өсіп отыр. Бұрын ҚТ жөніндегі 1 инженерге 102 маманнан келсе, қазір бұл көрсеткіш - 59.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, жұмысты қауіпсіз жүргізуге қатысты жұмсалатын көлемі шығындар жыл сайын 25-30%-ға артып отырады.

ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да Компанияның 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасын түсіндіру шаралары басталды. Тұжырымдаманы ұжымдарға түсіндіру мақсатындағы жиын ағымдағы жылдың шілде айында «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасында өткен болатын.

2018 жылғы 27-шілдеде бейсенбіде Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары С.Ж.Нақпаев, келешекті дамыту жөніндегі басқарушы директор Ә.Ж.Байдүйсенов бастаған Компания қызметкерлерінің бір тобы «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің кеңсесінде болып, басқару аппараты ұжымымен және өндірістік цех басшыларымен кездесті.

– ЕМГ Даму тұжырымдамасының стратегиялық жоспарлары Елбасы Н.А.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында көрсетілген

МҰНАЙШЫЛАРҒА КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



міндеттермен тығыз байланысты. Компанияда өндіріске жаңа технологияларды енгізу, өндірісті автоматтандыру, ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту, мұнай өндіру тиімділігін арттыру, сондай-ақ, инфрақұрылым мен мұнай сервисін дамыту бағыттарында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді, - деп атап өтті **Сәлімжан НАҚПАЕВ**.

ЕМГ келешекте дамыту департаменті директорының орынбасары Әнуарбек КАРИМОВ Тұжырымдаманы қабылдау қандай нақты объективті факторлардың қажеттілігінен туындағанын айта келе, Компанияның

бағдарламалық құжатында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді орындауға әр жұмысшының қосатын үлесі зор екендігін атап өтті.

Кездесу барысында қызметкерлер ілес-пе газды қайта өңдеу жобаларын жүзеге асыру, аталған Тұжырымдаманы іске асырудың Компанияға қосар экономикалық үлесіне қатысты сауалдар қойды. Мұнай сервисінің құрал-жабдықтарды (сорап-компрессор құбырлары, электрлі ортадан тепкіш сорап қондырғылары, ұңғыларды жерасты жөндеу құралдары) уақытша пайдалану үшін сервисік қызмет көрсетуге көшу бағытында жоспарланып жатқан жұмыстар цех басшылары тарапынан оң бағаға ие болды. Олардың мәлімдеуінше, бұлар өндірістік үдеріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермек.

Жасақталған кестеге сәйкес, Тұжырымдаманы түсіндіру мақсатындағы осындай жиындар жақын арада Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелердің барлығында өтеді.



ЕМГ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: МАҚСАТ АЙҚЫН, БАҒЫТ БЕЛГІЛІ

ЕМГ-нің даму тұжырымдамасы Компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелерде таныстырылуда. Жаңа стратегиялық құжатқа қатысты жұмысшылар тарапынан бірқатар сауалдар туындап отыр. Бізге жолданған сауалдарға тиісті департамент қызметкерлерінен жауап алып, төменде келтіріп отырмыз:

1. Даму тұжырымдамасын дайындау және бекіту қандай себептерге негізделді?

- Бұл жұмыс Ембіге «келешектігі төмен» актив ретіндегі көзқарасты өзгертуге және Компания қызметкерлерінің ертеңгі күнге сенімдерін нығайтуға мүмкіндік беретін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұзақмерзімді келешегін анықтау;
- Компанияның алға қойған мақсаттары негізінде бизнес-жоспарларды жасақтау және инвестициялық жобалар портфелін дәлелдеу;
- Едәуір маңызды стратегиялық міндеттерді орындау үшін Компания ресурсы мен менеджментінің жұмысын үйлестіру мақсатында қолға алынды.

2. Неліктен 10 жылға жоспарланған?

- Бізде барлық операциялық қызметті қамтитын 5 жылға негізделген бизнес-жоспарлау құралы бар. Алайда, жүзеге асырылуы 5 жылдан артық уақытты қажет ететін инвестициялық жобаларымыз бар. Осыған орай, мұнай-газ бизнесіндегі 10 жылдан астам уақытқа жоспарлау қазіргі таңда нарықтағы жағдайда тиімді болмауы мүмкін екенін түсінеміз. Өйткені, мұндай болжамдардың ықтималдығы төмен болады. Сондықтан, жоспарлау кезеңін 10 жылға белгіледік.

3. Тұжырымдаманы жүзеге асыруға Компанияның қандай қаржылық ресурстары бар?

- Компанияның инвестициялық бағдарламасы жинақталған ақша-

лай қаражат және болашақта стратегиялық әріптестерден түсетін қаржы есебінен қаржыландырылады.

Қажет болған кезде Компания қарызды да, жобалық қаржыландыруды да пайдаланады. Сонымен бірге Қоғамның борыштық қарыз алудың жалпы көлемі Компанияның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндірмеуі тиіс.

4. Қазіргі таңдағы Ембінің басты мәселесі – ресурстық базаның сарқылуы болып табылады. Жаңа барлау алаңдарын ұлғайту және толтыру үшін қандай жобаларды жүзеге асырмақ?

- Иә, «Ембімұнайгаз» АҚ балансында сонау 1900 жылдардың басында ашылған кен алаңдары бар. Қазіргі таңда компания балансында 43 кен алаңы бар, оның 9-ы – консервацияда.

Дегенмен, компанияда барлау және толық барлау жұмыстарын жүйелендіру және өндіріске жаңа технологияларды енгізу бағытында ауқымды жұмыстар жүрде. Бұл қадамдар, өз кезегінде, кейбір кен орындарының жұмыс жасау кезеңінің ұзақтығына қарамастан, қорларын арттыруға септігін тигізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ өнім өндіру көлемінің артуын жаңа кен орындарының ашылуымен байланыстырған жөн. Қазақстан нарығындағы технологиялардың дамуы, едәуір тереңдікте бұрғылау жұмыстарын жүргізуге септігін тигізеді. Компания мамандары жақын маңдағы аумақтарда жаңа орташа түзүсті және ірі тұзасты кен орындарын ашу үшін үлкен талдамалық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген жұмыстардың орытындысына сай түзүсті және тұзасты шөгінділерінде мұнайлы объектілер анықталды. Мәселен, қолданыстағы Қаратон, Уаз, Досмұхамбетов, Ақтөбе және басқа да кен орындарындағы жерасты кешенінде бұрғылауға жаңа перспективалы құрылымдар дайындалуда.

ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Сонымен қатар, бұдан әрі геологиялық барлау мен тереңдікте бұрғылау жұмыстарын жүргізілетін тұзасты объектілер анықталды. Тереңдікте бұрғылау жұмыстарын жүргізуге дайындалған құрылымның бірі Каратон-Сарықамыс келісімшарт аумағында орналасқан. Бұрғылау жұмыстарын жүргізу 2018 жылға жоспарланған. Жер қойнауын пайдаланудан өзге аумақтарда орналасқан құрылымдар бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне тұзасты шөгінділерді барлауға арналған жаңа барлау келісімшарттарын алу туралы өтінімдер жіберілді.

5. Компанияның ілеспе газды өңдеу бағытында қандай жоспарлары бар?

Компанияның ілеспе газды өңдеу бағытында үлкен жоспарлары бар. Біріншіден, «Ембімұнайгаз» қосымша тауарлы өнім алу үшін **қолданыстағы газды дайындау және күкіртті алу цехы (ГДЖКАЦ) (Прорва кен алаңдары тобында) өндірістік қуатын модернизациялау және кеңейтуді** жоспарлауда. Аталған жобаны триас горизонтын тарта отырып, НСВ жаңа ұңғымаларды бұрғылау есебімен жүзеге асыру газды өндіру көлемін жылына 300,0 млн.м³-ге дейін ұлғайтады. Сонымен қатар, тауарлы өнімдер – тауарлық газ, тұрақты газ конденсаты, тауарлы түйіршікті күкірт өндіріледі. Жоба жүзеге аспаған жағдайда компанияға ілеспе мұнай газын нормадан тыс жаққаны үшін жыл сайын 20,0 миллиард теңгеден астам айыппұл салыну (соның ішінде, экологиялық, салықтық, әкімшілік) қаупі туындайды және мұнай өндіруді шектеуге мәжбүр болады.

Жоспарланған жобалардың бірі – **Прорва кешенді газ дайындау қондырғысы тауарлы газ құбырының құрылысын «Толқын» газ жинау пунктінен «Интергаз Орталық Азия» магистральды газ құбыры жүйесіне дейін тарту.** Бұл жоба компанияға өздігінен дайын газды «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның газ құбыры жүйесіне жіберуді іске асыруға мүмкіндік береді.

(Басы. Жалғасы 4-бетте.)

(Жалғасы. Басы 3-бетте.)

Қазіргі таңда тауарлық газды тасымалдау «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖШС-нің «Толқын» газ құбыры арқылы ақылы негізде жүзеге асуда. Жобаны іске асырмаған жағдайда, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖШС-нің газ құбыры жұмысының жиі тоқтап қалуы салдарынан газды Боранкөл газ өндіру зауытына тасымалдауды тоқтатуға мәжбүр болғандықтан, компанияға ГДЖАҚ-на үлкен көлемде газды жағу қаупі туындайды. Сәйкесінше, бұл миллиондаған айыппұл мен газды нормадан тыс жағуға әкеп соғады.

Келесі жоба – **Забурын және Оңтүстік-Батыс Камысты, Шығыс Мақат кен орындарында мен Прорва кен алаңдары тобында газ поршенді электр стансаларын (ГПЭС) жобалау және салу.** Бұл жобаны іске асыру 2027 жылға электр энергиясына тәуелділікті 82 пайызға қамтиды. Бұдан басқа, компания бірқатар басымдықтарға ие болады: ілеспе мұнай газының қосымша көлемі пайдаланылады, өндірілетін мұнайдың өзіндік құны төмендейді, компания монополистке тәуелділіктен арылады, жоспарланбаған электр қуатын өшіру тәуекелдері төмендейді, электрмен жабдықтау тұрақтылығы артады, өндіріс қажеттіліктері мен жылыту үшін қосымша жылу энергиясы өндіріледі.

Тағы бір жоба – **Ақінген кен орнында газды өңдеп залалсыздандыру нысанының құрылысын жобалау және салу.** Аталған жобаны жүзеге асыру қосымша тауарлық өнімді – мұнай мен жылына 10,0 млн.м³ тауарлық газ алуға мүмкіндік береді.

Тағы бір жоба – **Қаратон тұзасты кен орны газын өңдеу нысанын салу.** Жоба бірнеше кезеңге бөлінген: жобалық жеткізу жұмыстары – 2022 – 2024 ж.ж. I кезең құрылысы – 2025 – 2028 ж.ж. II кезең құрылысы – 2029 – 2031 ж.ж. Жоба іске асқан кезде компания құрамында үлкен көлемде көмірсутегі (19%) бар ілеспе мұнай газын жоюмен қатар, бірқатар тауарлық өнімдер – тауарлы газ, техникалық пропан мен бутан қоспасы, тұрақты газ конденсаты, тауарлы түйіршіктерген күкірт алу мүмкіндігіне ие болады.

Прорва кен алаңдары тобында тағы бір кешен салу жоспарлануда. Бұл – **ілеспе мұнай газынан метанол**

алу қондырғысы. Жобаны іске асыру барлық газды метанолға өңдеуге және оны сыртқы нарықтарға экспорттауға мүмкіндік береді. Ал, бұл компанияға қосымша пайда мен мемлекетке салықтық төлемдерді қамтамасыз етеді. Айта кетсек, бұл өнім Қазақстанда өндірілмейді.

Барлау мен эксплуатациялық бұрғылау және оның коммерциялық іске асыру жоспарлары нәтижесінде ілеспе мұнай газының көлемін ұлғайтудың келешегіне байланысты компания **Оңтүстік Батыс Новобогат кен алаңында тағы бір ілеспе мұнай газы қондырғысының құрылысын салу,** сонымен қатар, **«С.Балғымбаев ІГҚ-Тұманды с.» газ құбыры салынуда.** Бұл жобаны жүзеге асыру «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-де тазартылған ілеспе мұнай газының барлық көлемін халық игілігіне жұмсауға, жаңа ұңғымаларды бұрғылау және оны «ҚазТрансГазАймақ» АҚ жүйесіне іске қосу есебімен жылына 60 млн.м³ газды өндіруге мүмкіндік береді.

Метанол газ саласымен қатар, химия өнеркәсібінде де қолданылады. Ең ірі тұтынушы – Қытай мемлекеті. Метанолдың айтарлықтай жоғары бағасы ілеспе газды қайта өңдеу кезінде тауарлық газды арзан бағамен сатумен салыстырғанда, өтімділігін арттырып, шығынды азайтады. Метанолды өндіру қондырғысы ілеспе мұнай газын алауда жақпай-ақ толық жоюға мүмкіндік береді.

6. Қауіпсіздік техникасы мәселесіне қатысты қандай өзгерістер болады?

Тұжырымдаманы жүзеге асыру қауіпсіздік техникасы мәселесіне тікелей қатысты. Осы орайда, жұмыс уақытының шығынымен байланысты жағдайлар санын азайту (LTI), өндірісте келеңсіз жағдай мен оқиғалардың алдын алу, сондай-ақ, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту басым міндеттер саналады. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін ЕМГ өз алдына төмендегі міндеттерді қояды:

- Үздік халықаралық практикаға сәйкес төмендегідей бағыттар бойынша қосымша оқу өткізу: тәуекелдерді

бағалау, жұмыстар қауіпсіздігін талдау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тереңдетілген курс, күкіртсутегі бойынша курстар, LOTO, қауіпсіз көлік жүргізу дағдысы, қауіпті жұмыстар жүргізу (түрлері бойынша) және наряд-рұқсат, алғашқы медициналық көмек, жүрек-өкпе реанимациялық көмек көрсету және т.б.;

- Қауіпсіздікті бақылау жүйесін одан әрі дамыту. Жұмысшы құрамды қамти отырып, барлық деңгейде ПНБ жүйелерін енгізу;
- ҚМГ бекітілген регламентіне сәйкес тәуекелдер мен қауіптерді бағалау жүйесін енгізу, кез келген қауіпті операцияларды бастамас бұрын тәуекелдерді бағалау процедураларын жүргізуді қамтамасыз ету;
- Қолданыстағы нұсқаулықтар мен процедураларды қайта қарау және маңыздылығын арттыру. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі барлық құжаттарды ЕМГ-нда ҚМГ-бен бекітілген регламенттеуші құжаттарға сәйкестендірілген бірыңғай стандартқа келтіру;
- Мердігерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша басқарудың жалпы жүйесіне тарту;
- Басшылық тарапынан еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелеріне қатысты көшбасшылықты қамтамасыз ету;
- Энергия көздерін оқшаулау жүйесін енгізу (LOTO);
- Өрт қауіпсіздігінің қолданыстағы жүйесін модернизациялау. Өрт сөндірудің жаңа жүйесін қайта жасақтау және құрылысын салу. Өрт сөндіру автокөлігін ауыстыру
- Өндірістік алаңдарда жедел медициналық көмек көрсету жүйесін дамыту, алғашқы медициналық тексеріс жүргізу сапасын арттыру, қосымша медициналық жабдықтарды қолдану және кәсіби білікті дәрігерлерді тарту.

7. Тұжырымдаманы іске асыру кезінде өндірістік процестерде қандай өзгерістер күтілуде?

Компанияның қазіргі қаржылық мүмкіндіктері шектеулі жағдайда пайдалану және өндіріс шығындарын төмендету мен өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру шешуші рөл атқарады.

(Жалғасы. Соңы 5-бетте.)

(Соңы. Басы 4-бетте.)

Бұл жұмыстардың маңызды бағытының бірі – ұңғылардың жөндеуаралық жұмысының кезеңін ұзарту, құрал-жабдықтарды жөндеу сапасын арттыру және ұңғыларды жөндеу, пайдалану, қызмет көрсету кезінде шығындарды азайту болып табылады.

Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да жүзеге асып жатқан штангалық сорғыларға қызмет көрсету және жөндеу қызметі өз тиімділігін дәлелдеді. Сервистік қызмет көрсету формасының тұжырымдамасы келесі жағдайларда құрылады: штангалық тереңдіктегі сорғылар жұмысының ресурсын арттыру; ұңғылардың жөндеуаралық жұмысының кезеңін ұзарту; ұңғыларға қызмет көрсетуге үлестік шығындарды азайту; сорғыларға шығарушы зауыттың қатысымен пайдаланудың барлық кезеңінде қызмет көрсету.

Штангалық тереңдіктегі сорғыларды жалға беру қызметі тәжірибесі бо-

йынша 2019 жылға бұрандалы сорғы жұптарын, сорғы компрессорлық құбырларын, электрлі ортадан тепкіш сорғы қондырғысын, ұңғыларды жерасты жөндеу құралдарын уақытша пайдалануға беру жоспарлануда.

Жалға беру кестесі (схема) «Ембімұнайгаз» АҚ үшін төмендегі басымдықтарды қамтамасыз етеді:

- Ұңғыларды ағымдағы және күрделі жөндеуді және құрал-жабдықтар шығынын азайту есебімен мұнай өндірудің өзіндік құнын төмендету;
- құрал-жабдықтардың тұрып қалуын азайту есебімен мұнай өндіру деңгейін сақтап тұру;
- жеткізілетін мұнай жабдықтарын бағалаудағы икемді саясат (табиғи инфляциялық процестер жағдайында жабдықтарға арналған бағалар көп жылдық келісімшарттар жасасу арқылы жүргізіледі);
- жаңа ұңғыларды бұрғылау және іске қосу сияқты компанияның

өзге жобаларын қаржыландыруға қосымша мүмкіндік ретінде мұнай кәсіпшілік құрал-жабдықтарды сатып алуға қаражатты айналымнан шығару қажеттілігінің жоқтығы;

- құрал-жабдықтардың теңгерімін ұстаушы ретінде ұйымның меншігіне салық төлеу және сақтандыру қажеттілігінің жоқтығы. Сәйкесінше, салықтық аударымдарды азайту және қайта пайдаланылмайтын жабдықты сақтау және жою кезінде тәуекелдерді азайту.

Бұған қоса, қор құрал-жабдықтарды сервистік мекеме балансына аударған соң, құрал-жабдықтарды сатып алу, жеткізу, таңдау, қоймада сақтау және тағы басқа функциялар сервистік қызмет көрсету мекемеге жүктеледі. Ал, бұл өз кезегінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның аталған бағыт бойынша шығындарын азайтады.



ТАРИХҚА БОЙЛАСАҚ...

Еділ мен Жайық қос өзен аралығындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не қарасты С.Балғымбаев кен алаңына биыл 50 жыл толып отыр.

Қос өзен арасының жер асты мол байлығын ел игілігіне жарату мақсатында сол кездегі атауы Мартыши, бүгінгі С.Балғымбаев атындағы кен орнының игеру 60 жылдардың соңына таман басталған еді. Жаңа кенішті игеру жұмыстары облыстағы іргелі ұжымның бірінен саналатын «Ембімұнай» тресіне қарасты Байшонас мұнай өндіру басқармасына (НПУ Байшонас) жүктелінген болатын. Нарын өңірінде қолға алына бастаған жаңа кенішті игеру жұмысы жергілікті тұрғындар үшін тың сала. Демек, маман тапшылығы туындағаны шындық. Міне, осы жерде «Ембімұнай» тресінің басшысы Бөлекбай Сағынғалиев жаңа кенішті игеруге Байшонас өңірінен білікті, талантты маман-кадрларды тарту жөнінде бастама көтерген еді. Байшонастық мамандар басшының ұсынысын бірден қабылдады. Сөйтіп, байшонастық 45 маман жаңа кенішті түлетуге келді. Мамандар үшін қазіргі Тұщықұдық (сол кездегі атауы Чапаев селосы) ауылының батыс жағына жұмысшылар вагондары орнатылып, мұнайшылардың уақытша қалашығы пайда болды.

Басшының ұсынысын қабылдаған байшонастық мамандардың арасында Мейрам Қарашиев электромонтер болып, жаңа кенішті игеру жұмысына араласады. Әкесі Сарыбатыр Байшонас мұнай өндіру басқармасында көлік жүргізуші, анасы Мұхсина басқармаға қарасты балабақшада тәрбиеші болып еңбек еткен. «Жаңа мұнай алаңын игеруге ат салысайық» деген бастамаға ниет білдірген балалары Мейрамның ұсынысын олар жылы қабылдады. Сөйтіп, 1977 жылы 20 жастағы жас жігіт Мейрам Қарашиев Еділ



мен Жайық-қос өзен аралығындағы жаңа кенішті игеруге араласып та кетеді. Сырттан келген мамандар 7 күн жұмыс, 7 күн демалыс тәртібімен ауысымдық әдіспен еңбек етіп, баспанамен және үш мезгіл тамақпен қамтылды. Бүгінде өндірістері мамандарды үш мезгіл ыстық тамақпен қамту жәйі қиын жұмыс болып көрінбесте, сол кезеңдерде асхана, мұнайшыларды тағаммен қамтамасыз ету деген шешімі күрделі мәселенің бірі болатын. Жұмысшылар таңертеңгілік жұмысқа шығарда өздерімен бірге түскі астарын ала шығатын. Үзілісте салқын күйінде ауқаттанып, жүрек жалғайтын.

Сол кездегі өндірістің қиын сәттерін электромонтер М.Қарашиев үнемі еске алып отырады.

Жаңа өндірісте қиындықтар болатыны заңдылық қой. Әлеуметтік саланы айтпағанның өзінде, өндірісте шешімін таппаған жәйттар жетіп артылатын. Құрал-жабдық жетіспейді, қолдағы бардың өзі ескі. Алайда, өндірісті тоқтатуға болмайды, жоқтан бар жасап, ескі құралдарды өзіміз жөндеп дегендей жұмыс істедік. Өндіріс ішілік жол мүлдем жоқ, ұңғымалар бір-бірінен қашықта орналасқан. Көлік жетіспейді. Ұңғымалардың жұмысын тексеру үшін құрал-саймандарды иығымызға артып алып, жаяулатып кетеміз. Күн ұзағына бірнеше шақырым жолды артқа тастайтынбыз. Өндірісті үздіксіз электр энергиясымен қамту да үлкен проблема болды. Ток көзін дизель моторы арқылы бердік. Моторымыз жиі жанып кетеді. Оны өзіміз жөндеп, іске қосқанша өндіріс тоқтап қалады. Өндірістің тоқтауы, әрине, өнім өндіру жоспарына үлкен зиян келтіретіні баршаға

ЕМБІЛІК МАЙТАЛМАНДАР



**С.БАЛҒЫМБАЕВ
КЕН ОРНЫНА**

белгілі, - дейді ардагер М.Қарашиев.

Өндіріс электромонтері Мейрам Қарашиев «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Ровное, Забурын кен алаңдарының ашылуына үлес қосты. Алғашқы қиындықтармен күресе жүріп, уақытпен санаспай еңбек етті. Нарын өңіріндегі мұнай кен алаңында еңбек ете жүріп, отау құрды. Жұбайы Кәмшат та – өзімен бірге жаңа кенішті игеруге үлес қосқан алғашқы мамандардың бірі, 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген қарапайым жұмысшы отбасы.

1991 жылдың желтоқсан айында Мейрам мен Кәмшаттың жанұясына тағдыр үлкен сынақ салды. Күнделікті жұмысқа асыға шыққан Мейрам сол күн мұнай өндірісіндегі соңғы жұмыс күні екенін білмеді де. Жұмыс үстінде 6 мың киловаттық токқа түскен ол ауыр халде ауруханаға жеткізілді. Ұзақ уақыт ем алуға тура келді. Тәуір болып, беті бері қарап, отбасының ортасына оралды. Алайда, бір қолы мен құлағынан айырылған М.Қарашиевтің 2-топтағы мүгедек ретінде, өндірістен қол үзуіне тура келді.

Бүгінде, ол қиын сәттер артта. Балалары ержетті, білім алды, еңбекке араласты. Алғашында мүгедектігіне сәйкес жәрдемақы алған М.Қарашиев қазіргі таңда 63 жасқа толып, зейнеткер ретінде құжаттарын рәсімдеді. Басқарманың қалыптасып, дамуына үлес қосқан зейнеткерлер мен еңбек ардагерлерінің қатарында, Компания тарапынан бекітілген тұрақты әлеуметтік көмектер мен сыйақыларға да ие болып отыр.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның ұжымы ардагерлерін ешқашан ұмытпай, әр кез орталарына шақырып, бүгінгі мамандар мен кешегі аға буынның өзара пікір алмасуына, тәжірибе жинақтауына мүмкіндік орнатып отыр. Кешегі тарихты ұмытпау, үлкендерге құрметпен қарау-бүгінгі ембілік мұнайшылардың бойынан табылатынына ризамыз, - дейді жайықмұнайгаздық зейнеткер М.Қарашиев.



С.БАЛҒЫМБАЕВ КЕН АЛАҢЫНА – 50 ЖЫЛ

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХ



(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

1963 жылы 24 мамырда Мартыши алаңының мұнайлы қабаттарына жүргізілген өндірістік сынақ жұмыстары кезінде бұрынғы Чапаев атындағы совхозға қарасты Мартыши атты №1 барлау ұңғысынан алғашқы мұнай тасқыны (фонтан) алынды. Ол 10 мм штуцермен тәулігіне 117м³ таза мұнай беріп, Мартыши кен алаңында мұнай тасқыны бар екені іс жүзінде дәлелденді.

Сол уақытта бұрғылау экспедициясын Салтанат Балғымбаев басқарып, Садуақас Құрманов – бас геолог, Б.Табылов – геолог, Латип Юсубалиев –участке бастығы, Нариман Қожақаев, Нәси Сисеналиев – аға инженерлер, Қабдолов Құспан, Шектібай Бармақов, Сергей Стрюняшев – бұрғылау шеберлері, Төребай Тілегенов, Жәлел Қапсалықов, Мизам Бисенов бұрғышылар болып және т.б. көптеген азаматтар еңбек еткен.

Бұрғылау жұмыстары қыза түсті. 1963-1967 жылдар аралығында Мартыши кен орнының мұнай қоры анықталып, оны игерудің технологиялық жүйесі жасақталды. Терең барлау-бұрғылау жұмыстары онан әрі жалғасын тауып, Қамысты алаңында



да мұнайдың өндірістік қоры бар екені анықталды. «Ембімұнайгаз» бірлестігінің орталық ғылыми-зерттеу лабораториясы Мартыши алаңының мұнай мен газ қорының мөлшерін есептеп, ол мемлекеттік комитетте бекітілді. Бұл 1966 жыл болатын. Соған орай жұмыстың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі толассыз қарқын алды.

1968 жылдың қаңтар-ақпан айларында құрылыс жұмыстары басталып, мұнай жинайтын қондырғылар, мұнай сақтайтын қазандар, кен алаңынан Гурьев - Астрахань теміржолына жақын маңда Аққыстау стансасына 14 шақырымдық мұнай айдау құбыры, қуатты мұнай айдау стансасы (НПС), мұнай құятын эстакада, оған баратын теміржол тармағы, тұрғын үй, коммуналдық, мәдени-тұрмыстық талапты қанағаттандыратын жұмысшылар тұрағы тұрғызылды. Аққыстауда теміржолға таяу жерде сыйымдылығы 1000 және 2000 текше метр болатын екі мұнай жинау қазаны орнатылып, ол өнім құюға даяр етілді. Әрине, оның барлығы өз-өзінен бола қалған жеңіл-желпі жұмыстар емес. Адамдардың қайсарлығы мен қажырлы күрестерінің арқасында жүзеге асты.

1967 жылдың аяғында алғашқы ұңғымалар сынама жұмысына пайдалануға берілді.

1968 жыл Еділ-Жайық арасында жаңа сипаттағы мұнай өндірісінің басталуы осы өңір тарихында алтын әріппен жазылған жыл болды. Осы жылдың басында, дәл қаңтар айында №11, 17, 27, 28, 30 ұңғыларды іске қосу арқылы Мартыши кен орны тұрақты өндірістік пайдалануға берілді. Оның алғашқы «тұсаукесері» 1967 жылғы 29 желтоқсан күні жасалды. Мартышидағы резервуарлар паркінде тұрғызылған әрқайсысының сыйымдылығы 1000 текше метр болатын екі мұнай жинау қазанының біреуіне - №1 қазанға қос өзен аралығының алғашқы мұнайы құйыла бастады.

1968 жылдың 16 қаңтарында Мартышидағы қазандарға 600 тонна алғашқы мұнай жиналды. Өндіріс басында дайындалған ыдыстар «қара алтынға» толтырылды. Енді оны шұғыл түрде Гурьев қаласындағы мұнай өңдеу зауытына жеткізу мәселесі күн тәртібінде өткірі тұрды. 17 қаңтарда мұнай құюшы эстакадаға



бірінші эшелон қойылды. Эстакада арқылы вагон-цистерналарға Мартышидың құбырмен келген мұнайын құю күні-түні ұйымдастырылды. Ақыры 20 ақпанда алғашқы эшалонмен Мартыши мұнайы Гурьев мұнай өңдеу зауытына жөнелтілген күн болып өндіріс тарихында өшпейтін із қалдырды. Содан бері 50 жылдан астам уақыт өтіп отыр. Осы мезгіл ішінде Мартыши кен алаңының миллиондаған «қара алтыны» еліміздің байлығын молайтуға еселі үлес қосып келеді. Мәселен, сол алғашқы 1968 жылдың өзінде тек Мартыши кен алаңынан (басқа кен алаңдары ол кезде өндіріске берілмегенін ұмытпайық) 134400 тонна мұнай Отан қоймасына табыс етілді.



Бұл көрсеткіш мұнайшылар шежіресінен ешқашан қалып қоймауға тиіс. Ол мұнай тек 23 ұңғыдан алынған болатын. Мартыши байлығы алғашқы кезде өте қарқынды болды, ұңғылардың барлығы тасқынды жағдайда (фонтан қалпында) істеп тұрды. Егер ұңғыларды барлық мүмкіндігіне қарай іске толық қосып қойса, өз-өзінен атқылап, асып-тасып жатқан мұнайдың көлемін көбірек арттыруға да болатын еді. Бірақ, біз оған барғанымыз жоқ. Мартыши ұңғыларын ірке-тарта, бекітілген технологиялық режимге сай жұмыс жасаттық. Ал, өткен 2017 жылы осы кен алаңынан 125 ұңғыдан 130386 тонна мұнай өндірілді. Демек, жер астында мұнай қорының табиғи азаятын заңдылығы өзгермейді. Қазір ұңғылардың барлығы да тербелмелерге ауыстырылған.

Бағыт СМАТУЛЛИН
«Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

(Жалғасын газеттің келесі
нөмірінен оқи аласыздар)

**АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА
ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ**

1

ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдаңыз

Примите решение продать привилегированные акции АО РД КМГ

2

Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе кез келген басқа брокерлік компания) келісімшарт жасаңыз

Заклучите договор с Брокером (АО «Казпочта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета

3

«Қазпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпочта» (в городах, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций

4

Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций

5

Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды Биржаның мамандандырылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций в специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет)

6

Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін)

Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Артықшылықты акцияларды сатып алу бейеранасының басталу мерзімі – 2018 жылдың 13 тамызы.

Өтінішті қабылдауды брокер 2018 жылы 16 қарашада сағат 17.00-ден, трансфер-агент 2018 жылы 14 қарашада аяқтайды.

Мамандандырылған сауда-саттықтар (мамандандырылған сауда-саттықтар өткізілетіннен кейін)

Спекторги (после проведения спекторги)

Дата начала программы выкупа привилегированных акций – 13 августа 2018 года.

Финальная дата приема заявок брокером – 16 ноября 2018 г. 17:00ч. (трансфер-агентом – 14 ноября 2018г.)

БАЙЛАНЫСТАР

Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгінуге болатын «Қазпошта» АҚ-ның жергілікті бөлімшелері тізімі

- Атырау қ., Абай к-сі, 6; 8 (7122) 95-69-93
- Баймақов к-сі, 70А; 8 (7122) 95-69-69
- Авангард 3 ш.а., 49; 8 (7122) 21-30-92
- Құлсары қ., Махамбет д-лы, 23; 8 (7123) 5-17-38
- Мақат қ., Мұқашев к-сі, 19; 8 (7123) 3-17-18
- Доссор қ., Сүлейменова к-сі, 1; 8 (7123) 2-18-01
- Ақтау қ., 8 ш.а., 20; 8 (7292) 20-35-66
- Жаңаөзен қ., Шығарак ш.а., 46Е үй; 8 (7293) 7-17-90

Тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірінші тіркеушісі» АҚ байланыс деректері:

- Астана қ., Иманов көш., 13, 101 көңес; 8 (7122) 47-61-88, 8 (7122) 47-61-89.
- Алматы қ., Бостандық ауданы, Сатпаев көш., 30 А/2; тел. 8 (727) 272-47-40, ішкі 150, факс: 8 (727) 272-47-40, ішкі 230.

Атырау қаласындағы байланыстар:
Уәлиханов к-сі, 1, «Ембімұнайгаз» АҚ қаржышылық департаменті, тел.: 8 (7122) 99-32-42

Жаңаөзен қаласындағы байланыстар:
К. Селімов к-сі, 3, «Ембімұнайгаз» АҚ қаржышылық департаменті, тел.: 8 (7293) 46-34-01

Егжей-тегжейлі ақпаратты www.kmgp.kz сайтынан оқи аласыздар.

КОНТАКТЫ

Список местных отделений Казпочты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций

- г. Атырау, ул. Абай, 6; 8 (7122) 95-69-93
- ул. Баймақова, 70А; 8 (7122) 95-69-69
- Авангард 3 мкр., 49; 8 (7122) 21-30-92
- г. Құлсары, пр. Махамбета, 23; 8 (7123) 5-17-38
- г. Мақат, ул. Мұқашева, 19; 8 (7123) 3-17-18
- г. Доссор, ул. Сүлейменова, 1; 8 (7123) 2-18-01
- г. Ақтау, 8 мкр., 20; 8 (7292) 20-35-66
- г. Жаңаөзен, мкр. Шығарак, зд.46Е; 8 (7293) 7-17-90

По всем вопросам обращаться в единый контакт-центр Казпочты

1499

Контактные данные регистратора – АО «Единый регистратор ценных бумаг»:

- г. Астана: г. Астана, 010000, ул. Иманова, 13, офис 101; тел.: 8 (7122) 47-61-88, 8 (7122) 47-61-89.
- г. Алматы: Бостандықский р-н, ул. Сатпаева, 30А/3 тел. 8 (727) 272-47-40, вн. 150, факс: 8 (727) 272-47-40, вн. 230.

Контакты в г. Атырау:
ул. Валиханова 1, АО «Ембімұнайгаз», департамент казначейства, тел.: 8 (7122) 99-32-42

Контакты в г. Жаңаөзен:
ул. К. Селімова 3, АО «Ембімұнайгаз», департамент казначейства, тел.: 8 (7293) 46-34-01

Более подробная информация доступна на сайте www.kmgp.kz.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

«ЕМБІ ТҮНЫСЫНЫҢ» БАС РЕДАКТОРЫ САЙЛАНДЫ

Ағымдағы жылдың 3-тамызында «Ембі тынысы» корпоративті газеті редакциялық кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Жиында редакциялық кеңес төрағасы мен орынбасарын сайлау мәселесі бойынша кеңес төрағасына ұсынылған А.Жақсыбековтің, орынбасарына С.Нақаевтың кандидатуралары қолдау тапты. Бұған қоса, «Ембі тынысы» газетінің бас редакторы лауазымына ұсынылған ЕМГ қоғаммен байланыс қызметінің маманы, БАҚ саласында 7 жылдан астам еңбек тәжірибесі бар Айгүл ЕРТЛЕУОВА-ның кандидатурасын редакциялық кеңес мүшелері бірауыздан қолдады.

А.Ертлеуова Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін 2009 жылы «Журналистика» мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын «Мұнай-лы астана» газетінде тілші болып бастады. Кейін облыстық қоғамдық-саяси «Атырау» газетінде тілшісі, аға тілшісі, мәдениет, білім, денсаулық және спорт, қоғамдық-саяси бөлімдерінің меңгерушісі болып еңбек етті. 2011 жылы жоғарыда аталған оқу орнында «Филология» мамандығы бойынша «Гуманитарлық ғылым магистрі» атағын алды.

Әкесі – «Қазақстан су жолдары» РМҚ Каспий филиалының Қығаш өзені бойынша (Құрманғазы ауданында) рульдік моторшы болып қызмет етеді. Анасы – зейнеткер.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап еңбек етеді.

МЕНШІК ИЕСІ:
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор:
А. Ертлеуова

<https://www.facebook.com/100016808373445>

https://www.instagram.com/ao_embamunaigas

<https://t.me/embamunaigas>

www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; Айболат

ГАБДУЛЛИН – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; Қайрат

ӘДІЛБЕКОВ – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; Бауыржан

БАЛЖАНОВ – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов
көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі,
105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура
8 (7122) 99-34-77
L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

ҚАРАЖАНОВА Ғалия
8 (7122) 99-34-21,
G.Karajanova@emg.kmgp.kz

ЕРТЛЕУОВА Айгүл
8 (7122) 99-32-09,
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай
8 (7122) 99-34-80
K.Tulegenov@emg.kmgp.kz